

ИНТУЫ

СТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
П ПЕТРОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

4 июнь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Орал педагогика институтының бағалы бастамасы

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Орал педагогика институтының жаратылыстану факультетінің деканы Қ. А. Нұрмағамбетов бірнеше жылдан бері Батыс Қазақстанның дала жағдайында қызылша өсіру мәселесімен шұғылданып келеді. Институттың тәжірибе алаңында Нұрмағамбетов қант қызылшасын өсіруге, оның шығымдылығын және қанттылығын арттыруға себепкер болатын бор мен гипс-борат топырағын ойдағыдай қолданды. Бұл топырақ облыстың кейбір аудандарында өте көп. Быйылғы жылы Сталинград каналының аймағын ауыл шаруашылығына игеру мәселесін шешуге байланысты қызылша өсіру тәжірибесі тікелей колхоз жерінде жүргізіле бастады. Өндірістік

тәжірибе алаңын жасау аяқталды. Орал селекция станциясы және колхоз тәжірибешілерінің көмегімен институттың қызметкерлері Гурьев және Батыс Қазақстан облысының бірқатар колхоздарында қант қызылшасын екті. Тұттың Украинадан және Жамбыл облысынан алған ша тұқымы себілер алдынан бордың ерітіндісімен өңделді.

Таяу күндерде өндірістік тәжірибе участоктерінде институттың жаратылыстану факультетінің студенттері болады. Қант қызылшасының егісін күтетін колхозшылар арнайы тәжірибе ретінде нұсқау беру жұмыстарын жүргізеді.

Есепшісі

Шаруашылық артелінің Уставы — оның бұлжымас заңы. Бұл заңды сақтау — барлық колхозшыларға, тексеру комиссиясының мүшелеріне, колхоз есепшілерінің қамы. Бірақ, жоғарыда аталғандай аудандардағы «Новый быт», «Борьба за коммунизм» және «Борьба за коммунизм» сияқты есепшілері бұларда артықшылық бұзылып жүргендігін білдіріп, жұмған ауыздарын ашып, бұзушыларды жұртшылық алдына алу шараларын ұйымдастырып, салдарынан Сталин атындағы шөбі, ақшасы, ондаған ірі, «Новый быт» колхозымен аса ақшасы, 20 цент талан-таражға салынды.

Бұл жолға қою мәселесінің шешімі ұйымдастырылуы және олардың өздеріне жүктелген міндетсіз қараушылығы сияқты басқа аудандарда да жоқ емес. Ленин және Булаев есепші кадрларды іріктей отырып және тәрбиелеу жұмысында емес. Бұларда есеп қызылша жүйесіз жүйесіз ауыстырып, оларды жойылмай келеді.

Малдың қысқы қамын жаз ойла!

Өткен жылғы кемшіліктерден қорытынды шығармаған жерде

Аю Исин бірнеше жылдан бері ұста-лық құрып келеді. Оның қолынан келмейтіні жоқ. Ойына алған ісін тыңғылықты тындыру — Аюдың бойына сіңген игі қасиет.

— Аю темірден түйін түйеді, — деседі колхоз мүшелері.

Осы Аю қарт колхоздағы атқа жегілетін шөп машиналарын жөндеуге және машинаның кейбір бөлшектерін жергілікті жердің өзінде жасап алуға быйыл ерекше көп күш жұмсады. Ол шөп машинаның түпкі шестеринасындағы көлденең валды және көлденең шестерина мен көлденең втулканы қолдан күйіп шығарды.

Әрине, Аю қарт қанша ұста, қанша шебер болғанымен, ұста дүкені сол қарт мүше болып санағанды «Еркіндік» сияқты колхоздағыдай жабықталған жерде, әрине, қандай ғана машинаның болма-сын барлық бөлшектерін қолдан жасауға мүмкіншілік жоқ деп мығым айтуға болады. Демек, айдаушының шкифін колхоздың ұста дүкенінде жасау мүмкін емес. Ал, колхоз басқармасы, оның председателі Сыздықов және басқалары

мен 6 тырнауыштан бірде-бір машина сапалы жөндеуден өтпеген. Колхоз басқармасы жемшөп жыйнаудың жұмыс жоспарын да жасамапты. Ал, партия ұйымы, оның секретары Нұрбаев жолдас қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау күресін ұйымдастырудан тыс қалып жүр.

— Сіздерге Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті II пленумының мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ету жөніндегі қаулысы таныс болар?

— Бұл сияқты қаулыны естігеніміз жоқ, оны бізге кімдер келіп естіртуші еді, — деп жауап берді жоғарыдағы сұраққа ұста Аю қарт. Ал, партия ұйымының секретары Нұрбаев жолдас II пленумының қаулысымен барлық коммунистер және колхозшылар жете таныстырылған деген мәлімдемені әр жерде-ақ шіміркіпестен мәлімдеп жүр.

«Совет» — аудандағы ірі колхоздардың бірі. Бұл колхозда өткен жылы қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп қорын жасау жоспары орындалмады. Осының салдарынан бір-бір машина мен

жылады, өткен қыста көршілес колхозға мал асыратқаны үшін төлеген бұл қаржы мен малдың орны ұдай ашылды. Өйткені, өткен жылы бұл колхозда жемшөп қорын мол дайындауға қажетті мүмкіншіліктің барлығы жеткілікті екендігіне қарамастан, бұл жөніндегі жоспар қанағаттанғысыз орындалды, сөйтіп, колхозда мал қыстатуға кіріскен алғашқы күндерден бастап-ақ мал азығының жетіспеуі байқалды. Ақырында, солай болды да. Шөп февраль айының өзінде-ақ таусылып қалды.

Не пайда, Аманкелді атындағы колхоздың басшылары да өткен қыстың бұл қиыншылығын ұмытқанға ұқсайды. Колхоз партия ұйымы, оның секретары және Қызылағаш участогіндегі малдардың көтеремге ұшырауына тікелей кінәлі болған Сәрсенбаев мал шаруашылығы мәселесіне әлі де бұрынғысынан жауапсыз, салдыр-салақ қарап отыр. Колхоздағы 4 шөп машинасы мен осы мөлшердегі ат тырнауышынан бір-бір машина мен

ТУҒАН ЕЛІМІЗДІ



Челябиннің электромеханикалық зауытының жылжымалы электр станциялар жаңғыртыла бастады. 250 киловаттық күші бұл электр станциялары вагонға орнатылады. Вагондардың

еңбеккүндерін нақтылы есептеп, еңбек кітапшасына нақтылы жазып отырмайды, кейбір колхозшылар өздерінің бір ай ішінде тапқан еңбеккүндерінің қанша екендігін көпке дейін білмей жүреді.

Совет ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың колхозшылары өткен қыста болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында өздерінің сенімді ақтамаған, есеп жұмысын былықтырған, колхозда ауылшаруашылық артелі Уставының өрескел бұзылуына жол берген Мәлғаждаров дегенді орнынан босатып, әбден орынды іс істеді.

Балаларды қорғаудың Халықаралық күні

ЛЕНИНГРАД, 1 июнь. (СОТА). Бүгін қаланың мәдениет үйлерінде, клубтары мен парктерінде балаларды қорғаудың Халықаралық күніне арналған концерттер, лекциялар, көп адам қатысқан таңертеңгіліктер болды.

Выборг мәдениет үйінің концерт залында Сталин, Калинин аудандарының оқушылары алдында саяси және ғылыми білім тарату қоғамының толық мүшесі Чернова жолдас баяндама жасады. Совет балаларына социалистік мемлекет, И. В. Сталин жолдас үнемі аталық қамқорлық жасап отырғандығын айтты. Олардың бақытты өмірі АҚШ және басқа капитал елдеріндегі балалардың ауыр тұрмысына мүлдем қарама-қарсы.

С. М. Киров атындағы Мәдениет сарайында бүгін болған таңертеңгілік «Бейбітшілік үшін, балалардың бақыты үшін!» деген тілекке арналды. Мұнда өздерінің балаларымен бірге келген жүздеген туысқандар қатысты. Таңертеңгілікте сөзет мемлекетінің көмегімен үлкен тату отбасын тәрбиелеп отырған батыр ана Осипова сөз сөйледі.

Қаланың кітапханалары мен клубтарында Отанымыздың сүйіспеншілігі мен қамқорлығына күн сайын бөленіп отырған совет балаларының бақытты өмірін

леді. Олар есепші қызметкерлерді колхоз дәулетін үзіп-жұлушылықтың қандай түріне болса да төзбеушілік рухында тәрбиелеуге, әрбір есеп қызметкерлерінің өздеріне жүктелген жауапты жұмысты ойдағыдай атқаруына жетісуге міндетті.

Колхоздың есепші кадрлары нығайту, оларды іріктеп алу, даярлау және тәрбиелеу ісін барынша жақсарту — колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан барған сайын нығайта берудің маңызды шараларының бірі болып табылады.

бейнелейтін көрмелер ашылды.

КИЕВ, 1 июнь. (СОТА). Таңертеңнен бастап мәдениет пен демалыс Орталық паркіне балаларды қорғаудың Халықаралық күнін атап өту үшін балалар ағылып келуде болды. «Бейбітшілік үшін, балалардың бақыты үшін!» деген ұранмен балалардың таңертеңгілігі, үлкен серуені өткізілді.

Бірінші май паркіне Киевтің 4 мыңнан астам оқушылары жыйналды. Оқуда және жазғы демалыста жаңа табыстарға жетуін тілеп, Украин ССР-ның Оқу ағарту Министрінің орынбасары Сушан, Социалистік Еңбек Ері Братко, Совет Одағының батыры Лаптев, Украин жазушылары құттықтау сөз сөйледі. Мұнда Киев театрлары мен Украин филармониясы артистерінің үлкен концерті болды.

Кешке Лесю Украинка атындағы өрескел драма театрының үйінде Украина астанасының әйелдер активі халық ағарту және пионер ұйымдары қызметкерлері қатысқан жалпы қалалық жыйналыс болды. Балаларды қорғаудың Халықаралық күні туралы Сталиндік сыйлықтың лауреаты, жазушы Ванда Василевская баяндама жасады.

Жыйналысқа қатысушылар үлкен өрлеу үстінде И. В. Сталин жолдасқа құттықтау қабылдады.

терінің жеткілікті екендігі кімге де болса мәлім.

«Еркіндік» колхозының басшылары күні бүгінге дейін ат машиналары мен ат тырнауыштарының қалқып тұрған санына маз, ал, бұлардың жөнделу барысына және сапасына оншалықты көңіл бөле қойып жүрген жоқ. Мұның ақыры ат тырнауыштарының да сапасыз жөнделуіне, олармен шөп жыйнағанда шөптің автомат күшімен тасталуы жабығының жасалмауына әкеліп соғып отыр.

Шөп машиналары мен ат тырнауыштарының жөндеуде аудандағы артта қалып отырған және колхоз басшылары шөп шабуды кезекке қойып жүрген «Еркіндік» колхозындағы жағдай дәл осында. Мұнда күні бүгінге дейін 4 шөп машинасы

салған жоспарға байланысты тәжірибе айқын көрсетіп жүр. Бірақ «Еркіндік» колхозының басшылары бұл қағида-ны ескермейтін көрінеді. Мұнда шөп жыйнаудың құмыс жоспарын жасау ұмыт қалған істің бірі. Жемшөп жыйнаудың бригаданы тұрақты адамдармен толықтыру мәселесін де колхоз басқармасы мүлдем естен шығарып алынды. Ал, айыр-қол тырнауыш, сырға сияқты құрал-саймандарды алдынала жеткілікті әрлеу мәселесі жөнінде бұл колхозда бірде-бір рет әңгіме де болып көрмеген сияқты.

...5042 сом ақша... 3 ірі қара мал... Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің қай-қайсысы болса да осы цифрларға қарағанда шексіз қын-

Таңдаулы мал өсіруші

Октябрь ауданындағы Калинин атындағы колхоздың мүшесі А. Гречкина жолдас өткен жылы қарамағындағы 40 бұзаудың біреуін де шығын ұшыратпай, түгел табыға қосты. Балық бұзауды шығынсыз және қонды етіп өсіру — озат мал өсірушінің дағдылы ісі. Ол бұл жұмыста бірнеше жылдан бері істеп келеді. Содан бері ол бірде-бір бұзауды шығынға ұшыратқан емес. Таңдаулы мал өсіруші мұндай табыға бұзауларды ұдайы жақсы күтімде ұстау, бүкіл жыл бойына өнімді жұмыс істеу, мал шаруашылығындағы озаттардың тәжірибелерін күнбе-күнгі жұмыста шебер қолдану нәтижесінде ие болып жүр.

Быйылғы төл алу науқанына Гречкина жолдас күні бұрын тыңғылықты әзірлік жүргізді. Бұл төл алу науқанын үлгілі өткізуде, төлді алғашқы күннен бастап тыңғылықты күтімге алуға қолайлы жағдай жасады. Оның қарамағында кәзір 26 бұзау бар. Олардың барлығының дерлік күйі жоғары, шығынға ұшырағаны жоқ. Озат сауыншының негізгі мақсаты — қарамағындағы бұзауларды шығынсыз өсіріп, табыға қосу.

А. СУРАФАНОВ.

Мақсат — жемшөпті мол дайындау

Кониюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының мүшелері қоғамдық мал үшін құнарлы жемшөпті мол дайындау жолында жанаямай еңбек етуде. Осыған байланысты олар шөп шабуға әзірлік жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізіп жатыр.

Мұнда шөп шабуға әзірлік деркесінде басталды. Мұның өзі шөп машиналары мен тырнауыштарды тез және сапалы жөндеуге қолайлы жағдай туғызды. Шөп машиналары мен ат тырнауыштары кәзірдің өзінде түгел жөндеуден өтті. Мұнымен бірге, қол тырнауыш, айыр, шөп шабуға қажетті басқа да құрал-саймандар жеткілікті әзірленді. Жөндеу жұмыстарының барлық участоктерінде колхозшылар жанқиярлықпен еңбек етті. Колхозда шөп шабуға тыңғылықты әзірлік жүргізіліп отырса, бұл, ең алдымен, осының нәтижесі.

Осымен қатар, мұнда шөп шабу кезіндегі жұмыс жоспары да жасалды. Онда әрбір шөп машинасының және әрбір шөпшінің өнімді жұмыс істеуі, жұмыс уақытының тиімді пайдалануы көзделген.

А. ЕСДӘУЛЕТОВ.

жүрген ісін бір ай ішінде тапқан еңбеккүндерінің қанша екендігін көпке дейін білмей жүреді.

Сайын жалпы ақша-тер МТС-тер келең ма мүлдем са

СМИРН

Қажы

Мал азығындағы өрістете колхозының мүшелері аяқтап шөп шабуға және шабуға татағайынды жолдастар етіп, күн күндік нәтижесін орындап, саймандарды жеткілікті әзірленді. Жөндеу жұмыстарының барлық участоктерінде колхозшылар жанқиярлықпен еңбек етті. Колхозда шөп шабуға тыңғылықты әзірлік жүргізіліп отырса, бұл, ең алдымен, осының нәтижесі.



«1 Май» артелінің цех шебері П. Криушина жұмыс нормасын үнемі 120 процент орындайды.

СУРЕТТЕ: П. Криушина жолдас жұмыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мұғалімдердің жазғы демалысы

Еліміздің курорт, санаторийлерінде және демалыс орындарында облысымыздың жүздеген мұғалімдері өздерінің жазғы демалысын өткізеді. Өткен жылы курорт, санаторийлерде 215-тен астам мұғалім дем алды. Бастауыш және орта мектеп мұғалімдерінің облыстық кәсіподақ комитеті демалыс емдеу орындарына үстіміздегі жылы 232 ден астам мұғалімді жібермек.

Кәзірдің өзінде еліміздің курорттары мен санаторийлерінде облыстың ондаған мұғалімдері демалып, емделіп жүр. Совет ауданындағы Қыялы орта мектебінің мұғалімі Безбородько Кисловодскіде. Кара-

Пионерлер Үйі жазғы маусымда

Оқушылардың жазғы демалысын көңілді өткізуде және балалар арасындағы тәрбие жұмысын жүргізуде пионерлер Үйі маңызды орын алады. Пионерлер Үйі ең алдымен жас лениншілдердің жақсы және көңілді дем алуы үшін қамқорлық жауапкершілік сауы керек. Біздің қалалық пионерлер Үйі пионерлер мен мектеп оқушыларының демалысын ұйымдастыруды жоспарлады.

Үстіміздегі жылы пионерлер Үйі қалалық комсомол комитетімен бірлесе отырып, жазғы сауықтыру маусымына әзірлік жұмысына 4-майдан бастап кірісті. Пионерлер мен оқушылардың жазғы демалысын өткізу жөніндегі шаралардың жоспары жасалды. Сөйтіп, бұл жоспар қаладағы аға пионер вожатыйларының семинарында талқыланып, ол әрбір мектепке жеткізілді. Сонымен бірге, «Алтын күз» лагері қызметкерлерінің семинары өткізілді.

Жоспарда, әсіресе, жазғы маусымда балалар арасында жұмыс жүргізетін пионерлер активі мен аға пионер вожатыйларын даярлауға ерекше көңіл бөлінді.

Пионерлер Үйі жүргізетін барлық жұмыстар пионерлер Үйінің балалар Советінің басшылығымен және инициативасымен жүргізілетін болады. Кәзірдің өзінде Совет мүшелері арасында олардың атқаратын міндеттері бөлініп берілді.

Жазғы маусымда пионерлер Үйі оқытушылар, комсомол және пионер қызметкерлерінен құралатын балалар лекторийіне ерекше көңіл бөлетін болады. Лекторий жазғы маусымда ССРО-да спорттың өркендеуі, дүние жүзінің чемпиондары, Шахтерлер күні, орыстың ұлы художниктері, коммунизмнің ұлы құрылыстары туралы әңгімелер өткізеді. Пионерлер Үйі Советінің инициативасы бойынша июль айының бас кезінде көркемөнер үйірмелерінің таңдаулы мүшелерінен бір концерт бригадасы құрылады. Бұл бригада қаладағы сауықтыру алаңдарын және «Алтын

Август айында үстіміздегі оқу жылында тұңғыш рет мектепке баратын балалар үшін мереке ұйымдастырамыз. Онда №4 бастауыш мектептің меңгерушісі Горинава жолдас «Оқушының мектептегі тәртібі туралы ереже жөнінде» баяндама жасайды. Бұдан кейін тематикалық концерт беріледі.

Жазғы маусымда оқушылар қаладағы кәсіпорындарына, тарихи маңызы бар жерлерге экскурсиялар мен саяхаттарға барады. Жас өлкетанушылар саяхатқа барғанда өсімдіктердің гербарийлерін, жәндіктердің коллекцияларын жыйнап, көрнекі құрал ретінде мектепке тапсырады.

Июльдің аяқ шенінде жас саяхатшылардың слеті өткізілмек. Слетте пионерлер алғашқы саяхаттардың қорытындысын шығарып, өлкетану саяхаттары жөнінде өздерінің пікірлерін, жетістіктер мен кездескен кемшіліктер жөнінде айтады.

Пионерлер Үйіндегі физкультура жұмысын басқарушы Пронин жолдасын басқарумен футбол және волейбол секциялары ұйымдастырылады. Мұнымен бірге, екі рет спорттық-жаттығу саяхаттары, жазғы спартакиада, сол сияқты, пионерлер Үйінің кубогін алу үшін футбол жарысы өткізіледі.

Жазғы маусымда пионерлер мен оқушылар қаладағы өндіріс орындары стахановшыларымен, Сталиндік сыйлықтың лауреаттарымен, орденді оқытушылармен және таңдаулы спортшылармен кездеседі.

Біз жазғы маусымда балалар арасындағы тәрбие жұмысын БЛКЖО Орталық Комитеті VII пленумының қаулысына сәйкес ұйымдастыра отырып, балалардың денсаулық сақтау және мәдениетті дем алу жөніндегі тілегін мүлтіксіз орындауға күш жұмсаймыз.

Р. КАЛИБЕРДА,

ИТАЛИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ ЖАҚ ДЮКЛОНЫ ЗАҢСЫЗ ТҮТҚЫНҒА АЛУҒА ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУДЕ

РИМ, 31 май. (СОТА). «Унита» газетінің хабарына қарағанда, Францияда коммунист партиясын қудалау және арандатушылық әдісін қолданып, Жак Дюклоны тұтқынға алуға қарсы Италияның көптеген өнеркәсіп орталықтарында наразылық ереуілдері болып жатыр. Тоскана облысының көптеген қалаларының еңбекшілері Дюклоға және Франция коммунистеріне ынтымақтастық белгісі ретінде кеше жұмысты тоқтатқан. Флоренцияда саудагерлер өздерінің магазиндерін бір сағатқа жауып, ереуілге қатысқан.

Миланнан, Ливорнодан, Анконыдан, Падудан, Феррарыдан, Генуядан ереуілдер болғандығы туралы хабар алынды. Римдегі француз елшілігі мен басқа қалалардағы француз консулдықтарына еңбекшілер ұйымдары мен саналы жұртшылық өкілдерінен наразылық телеграммалары үсті-үстіне түсуде.

Жастардың италиян коммунист федерациясының басшылығы Француз компартиясы Орталық Комитетіне ынтымақтастық телеграмма жіберді.

АВСТРИЯДА ЖАҚ ДЮКЛО МЕН АНДРЭ СТИЛЬДІ ТҮТҚЫНДАУҒА НАРАЗЫЛЫҚТАР

ВЕНА, 31 май. (СОТА). Ержүрек Француз патриоттары Жак Дюкло мен Андрэ Сильдің тұтқынға алынғандығы туралы хабар Австрия еңбекшілерінің арасында ашу-ыза және наразылық тудырды.

Демократиялық баспасөздің хабарына қарағанда, Венаның ондаған кәсіпорындағы жұмысшылар мен қызметшілердің митингтері мен жыйналыстары болған. Австрияның еңбекшілері қабылдаған қарарларында Жак Дюкло мен Андрэ Сильді дереу босатуды талап етті.

Француз өкмет орындарының полициялік озбырлығына наразылық ретінде төменгі Австрияның мұнай кәсіп орындарында бір минут бойы фабрикалар мен з.

Американ агрессорлар тыйым салуларына тиіс!

Корея және қытай халықтарына қарсы бактериологиялық қару қолданып отырған американ империалистерінің жантүршігерлік зұлымдықтарына бүкіл прогресшіл адамзат ашу-ыза сезімін білдіргеніне көрсетуде.

Соғыста ұлы жеңістермен уланған соғыстарды пайдалануға Рим юриснау ерте заманнан бастаумен емес, қатарының ережесінде: «Соғыс азылған. Нақрумен жүргізілсін» Абсолюттік дәуір осы ереже феодалды голландиялық де ХVII ғасырдың юрисі Гуго Гроцийдің халықаралық құрлық правосы туралы» «Соғыс пен бейбітшілікті өлтіру лайықты еңбегінде» «Соғысқа қатысқан нақыл сөзімен қолда болмайды»

XIX ғасырда соғыс жүргізудің жалпы жүз таныған бұл ережесі көп ұлттық жауларда және армияларға арналған нұсқауларда қолданылды. Атап айтқанда, мәселен, 1863 жылы шығарылған «Құрама Штаттардың әскерлеріне арналған дәлалық нұсқауда» былай делінген: «Соғыс жүргізудің кәзіргі жағдайында ұды қандай түрде болса да қолдану сөзсіз қабылданбайды».

Соғыстың заңдары мен дәстүрлері туралы 1874 жылы Брюссельде жасалған халықаралық декларацияда «ұды немесе ұланған қаруды қолдануға тыйым салынады», сол сыяқты, «шамадан тыс азапқа ұшырататын қаруды, снарядтар мен заттарды қолдануға тыйым салынады» делінген.

Құрғақтағы соғыстың заңдары мен дәстүрлері туралы 1907 жылғы IV Гага

лері туралы 1907 жылғы IV Гагага қосымша 22 және 23 статьяларына сәйкес, «соғысушылар дұшпанға зиян тигізу құралдарын іріктен алуда шексіз правомен пайдаланбайды».

Сонымен, XX ғасырдың бас кезінде соғыста әртүрлі ұландығыш заттарды, тұншықтырушы газдарды және жаппай қырғынға ұшырататын, сол сыяқты, құралдарды пайдалануға тыйым салу жалпы жұрт таныған ереже болды. XX ғасырдың одан кейінгі халықаралық шарттары мен келісімдерінде бұл ереже бұрынғыдан әрі күшейтілді. Мәселен, дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін қол қойылған бітім договорларында тұншықтығыш, ұландығыш және сондай газдарды пайдалануға тыйым салынатындығы айтылды, 1922 жылдың Вашингтон договорында да осылай делінген.

Бактериологиялық соғысқа әзірлік жүргізіп келген АҚШ пен Жапонияның бактериологиялық соғысқа тыйым салу туралы 1925 жылы Женева протоколына қол қойып, оны осы уақытқа дейін бекітпей қойғаны мәлім.

Жоғарыда дәлелге келтірілген договорлар мен келісімдер соғыста химиялық, бактериологиялық және адамдарды жаппай қырудың, сол сыяқты, басқа құралдарын қолдану халықаралық правоның жалпы жұрт таныған негізгі ережелерін өрескел бұзу болып табылатындығын көрсетеді.

1952 жылы январьда, яғни Американың Кореядағы «бактериологиялық шабуылының» басталуынан бірнеше күн

бұрын АҚШ-та американ армиясының химиялық корпусының елдері — генералдар Чарльз Люкс пен Уильям Кризи арсыздықпен ашықтан-ашық сөз сөйледі. Бактериологиялық соғыстың «артықшылықтарын» ашық мақтап, бұл жалмауыздар «бактериологиялық соғыс үлгерімі мен машиналарды бұзбайды, адамның өзіне ғана зиян тигізеді...», «сан рет жаппайдың тынымын генералдар емес, микробтар шешті», деп жазды. Сол сөздерінде бұл генералдар АҚШ-тың соғыс мекемесінің химиялық және биологиялық соғыс жүргізу саласында үлкен әзірліктер жүргізіп жатқандығын хабарлады.

Уолл-стрит монополияларының американ жалдамалары, бактериологиялық соғысқа әзірлік жүргізе бастап, ғылымдағы герман-жапон бандиттерін — Вальтер Шрейберді, Иси Сируны және басқаларын өздеріне қызметке алды. Американ армиясының киімін киген жауыздар Корея мен Қытайда адамдарды жаппай қырудың құралы ретінде кісі өлтіретін ауру жұқтырылған құрттарды пайдалана отырып, соғыс жүргізудің хайуандық әдістері жағынан өздерінен бұрын өткен гитлершілдерден асып түсті.

Бұл жантүршігерлік қылмыс, сонымен қабат, капиталистік құрылыстың аса терең іріп-шіруінен және азғындауынан туған империализмнің ең реакцияшыл, ең құтырылған түрі болып табылатын кәзіргі американ империализмінің өзін-өзі әшкерелеуі болып табылады; ол кезде, В. И. Лениннің айтуына, «буржуазия құрын бара жатқан құлдықты қорғап қалу үшін барлық тағылықтарға, айуандықтарға және қылмыстарға әзір». (Шығармалар, XIX том, 77 бет).

Кореяда басқыншылық, тонаушылық соғыс жүргізе отырып, американ империализмінің нәтижесіздігінің есесін бактериологиялық қару қолданумен толықтыруға тырысуда.

Мәселен, Лена Асинович шашақты бидайды түрлі әдістермен және түрлі уақытта,

КЛКЖО Соқолов секретары.

дүниежүзілік Екінші конгресінің жер бетіндегі барлық елдерде жүздеген миллион адамдар қолдаған қарарлары «атом, бактериологиялық, химиялық қарудың, ұландығыш, заттардың, радио активтік құралдардың және жаппай қырғынға ұшырататын барлық басқа құралдардың барлық түрлеріне сөзсіз тыйым салуды» талап етеді. Конгресс адамдарды жаппай қырғын құралдарының бірін бірінші болып қолдануға үкметті соғыс қылмыстысы деп жаңалады. АҚШ империалистерінің Корея мен Қытайда халықты жаппай қыру үшін жетізіп жатқан бактериологиялық соғысы осы қаулыға бүтіндей және толық дәл келеді. Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Бюросы 1952 жылы 1 апрельде бұл дүние жүзінің халықтарына үндеу жазып, мұнда былай делінген: «бактериологиялық соғыс— тыйым салынуға тиісті жерінен қылмыс қана емес, ол —бүкіл адамзатқа қатер». Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Бюросы бактериологиялық соғысты дереу тоқтатуды және «ең жексүршіл, ең жантүршігерлік қаруды қолдануға тыйым болған» адамдарды сот жауабына тартуды талап етеді.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Бюросының бұл үндеуін жүргенсіз кеткен американ жалмауыздарын ауыздықтауға бел байлап отырған барлық бейбітшілік сүйгіш халықтар қолдауда.

Американ империалистерінің өз қылмыстарын дәлелсіз күр беттады бекерге шығаруы олардың бейбітшілік сүйгіш халықтар алдында қорқатындығын айқын көрсетеді. Нюрнберг, Хабаровск сот процестерінің және басқаларының қолданумен толықтырылған үкметті соғыс қылмыстысы деп жаңалады. АҚШ империалистерінің Корея мен Қытайда халықты жаппай қыру үшін «АҚШ үкіметіне тиіс» екендігі

және ол соттардағына шығарылған киімін киген америк ойлануға мәжбүр етеді.

Қытай халық үкіметіне қасақана бұзушылар қарсы қылмыстың жауапты екендігі америк әуе соғыс бактериологиялық қару қолдануға түскен күнде олардың тылары болып саналатын жұртқа естіртті. Қытай халық үкіметі, мұндағы қылмысты әрекеттер үшін «АҚШ үкіметіне тиіс» екендігі

ССРО үкметі Біріккен Ұлттар Одағының Қарусызда миссиясындағы өзін-өзі «бактериологиялық тыйымды» қолдайтын тыйымды, бактериологиялық қаруға жол бермеу және ғысқа салынған тыйым жауапқа тарту туралы талап етті.

Совет және Қытай халықтарының ниеттегі адамдар даған мәлімдемелері ар-намысының шындыққа айналған агрессорларын да жасап жатқан тыйым бірауыздан тыйым болған» адамдарды сот жауабына тартуды талап етеді.

ССРО Ғылым академиясының корреспонденті, РСФСР-нің еңбек сіңірген қайраткері.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редакцияның баспа бөлімі — 1-88, редакцияның баспа бөлімі — 1-89, редакцияның баспа бөлімі — 1-90, редакцияның баспа бөлімі — 1-91, редакцияның баспа бөлімі — 1-92, редакцияның баспа бөлімі — 1-93, редакцияның баспа бөлімі — 1-94, редакцияның баспа бөлімі — 1-95, редакцияның баспа бөлімі — 1-96, редакцияның баспа бөлімі — 1-97, редакцияның баспа бөлімі — 1-98, редакцияның баспа бөлімі — 1-99, редакцияның баспа бөлімі — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмеген